




**АСТАНА АКШАМЫ**

## ДОС ТУРАЛЫ ТОЛҒАНЫС

Астана тұрғыны Талғат Мырзалыұлы Бапақов мерейлі 70 жасқа толып отыр. Мерейтой иесі белгілі ақын, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты Серік Тұрғынбекулымен бала жастан бірге өсіп, бір сыныпта оқыды. Содан бері екеуінің арасында жалғасып келе жатқан достықтың тіні үзілген емес. Досының қуанышы ақынға балғын балалық шақты еске түсіріп, сол сезім жүрегінен жыр болып төгілді. Ақынның өзі де биыл жетпістің жотасына мініп отыр. Ендеше, Алаштың арқалы ақыны атанған азаматтың айнымас досымен қатар балалық шақтың қызықты күндерін кешкен кезеңге өлең арқылы сапарлайық.

Редакциядан



## ДОС ТУРАЛЫ ТОЛҒАНЫС

*Бейне бір жалдамалы солдатындаі,*

*Бастайды өмір өзі алға тынбай.*

*Жалғанда –*

*Жолдас та көп,*

*Жора да көп,*

*Дос бар ма*

*Дүниеде –*

*Талғатымдаі?!*

Өмірдің таршылығына қарамастан,  
Бірге өстік, біте қайнап бала жастан.  
Жалықпай жарты әлемді шарласам да,  
Дүниеде дос таппастын сенен асқан.

Тартқанмен құ жетімдік бір жағынан,  
Тәнтімін тағдырыма ырза қылған.  
Болғанмен мазан жездे – сенің әкең  
Екеуміз – тәлім алдық Мырзалаудан.  
Білгенге тағдыр деген қатал майдан,  
Талаілар өтті өмірден тата алмай дәм.  
Бөлеген төңірегін мейірімге,  
Бар ма екен Мағрипа апамдай жсан?!

Мырзекең жырларымды бағалаган,  
Жасынан тұлпар міндім тағалаган.  
Ересек екеумізден ер көңілді  
Мақсұтбек бола білді аза мазан.

Тірлікте қаттың-тәтті кезігеді,  
Кім бірақ туысынан безінеді.  
Ерке інім Исламды айтқан кездे  
Қайтейін, ет жүрекім езілеңді.

*Өмірдің өзі үйретті мұны маган,  
Кей кезде өткенде айтып, күліп алам.  
Эзілі-қалжыңы да жарасатын,  
Кім болар Исламдай іні маган?!*

*Бас қосып, құрмасақ та күнде кеңес.  
Көңілім бөгделікті білген емес.  
Сафия өзі жиен бола тұра,  
Қадірлі қарындастан бір кем емес!*

*Шығады гүлдің өзі тасты жарып,  
Білгенге мұның өзі достық анық.  
Гүлнәржсан дос парызын өтеп жатыр,  
Қанатты қанатының астына алып.*

*Түседі еске жиі бала кезім,  
Қалғандай сезінемін далада өзім.  
Тай мініп, тізеден су кешуші едік,  
Сарқырап тасығанда Сарыөзегім.*

*Білгенге балалық шақ бақ-ырысым,  
Мен үшін өлең-жырдың ағынысын.*

*Өлкейік – естен кеппес – тобылғы сай,*

*Сарыөзек – сарқылмайтын сағынышым.*

*Жастықтың берсе, шіркін, бес-алты айын,*

*Соны ойлан жүргегімді жасартайын.*

*Есен-сая Қостанайда жүріп жастыр*

*Қалтайым, Рафхатым, Есентайым.*

*Сен десен ағызамын жырдың майын,*

*Бірің – тал болған кезде,*

*Бірің – қайың.*

*Әлі де алишадатып жүргізеді,*

*Алишаны саган қосқан бір Құдайым.*

*Кей күндер құлышындырып қуантады.*

*Кей күндер күрсіндіріп мұңайтады.*

*Жайнаған Оңтүстіктің алиасындаі,*

*Алишаны жетпісте деп кім айтады?!*

*Баяғы қайран көктем бізден өтін,*

*Қалыпты-ау боз қыраулы күз де жетін.*

*Шыққанын ай мен күннің аман көрін,*

*Жұптарын жазылмасын жүзге жетін.*

*Бұл өмір*

*Саған да – сын,*

*Маган да – сын.*

*Әрине, дос болған соң бағаң басым.*

*Дүниенің бір бақыты сол емес не?*

*Аман-сау бірге жүрсө замандасың!*

**Серік ТҰРҒЫНБЕКҰЛЫ**